

ҚЫЖЫЛ

АТАУЫ БАР, ОТАУЫ ЖОҚ



Немесе ҒИМАРАТҚА
ЖАРЫМАҒАН ЕМХАНА

Екі мыңнан астам халық тұратын тұтас бір ауылдың халқы сарайға орналасқан емханаға қаралады. Қазіргі күні жалғыз аула ішінде екі үй және емханаға берілген сарай тұр. Мұнда 60-тан астам жүкті әйел, бір жасқа толмаған 95 сәби қаралады. Ал бес жасқа толмаған балдырғандар 700-ден асады. Бұл балалар бірер жылда мектепке барады.

(Жалғасы 3-бетте)

АТА-АНА
НАЗАРЫНА!

АБАЙЛАҢЫЗ, «КӨК КИТ» КЕЛЕДІ



Көк кит теңіздің асау толқындарымен ойнап, жағаға шығып, кері қайта алмай өліп қалады. Бұл теңіз патшасының өз-өзіне жасаған қастандығы. Мұхит жағалауындағы елдер үшін киттердің бұлай жаппай қырылуы күні бүгінге дейін түсініксіз жәйт. Қазір жас өскіннің қауіпті де қатерлі ойынын осы мақұлықтың атымен байланыстырады. Жуырда ғана «Көк киттің» Ресейден Қырғызстанға жеткенін хабарлап едік. Ізін шала еліміздің әр аймағында осы ойынның шырғауына түскен жасөспірімдер туралы естіп жатырмыз.

(Жалғасы 5-бетте)

2

БАЙЛАР ДА
ЖЫЛАЙДЫ...

3

МӘСКЕУДЕГІ
ӘПШЕЛЕР
НЕМЕСЕ НӘПАҚА
ҮШІН БАРЫП, ТАУЫ
ШАҒЫЛҒАНДАР

6

ӨЗІ ДЕ
АЛАТАУДАЙ
БИІК ЕДІ

АПТАСЫНА
БІР РОМАН
ОҚИДЫ

7

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

«Айбайлауға
болмайды»



(Жалғасы 2-бетте)

БАСПАСӨЗ – 2017

«Жас қазақ» газетіне
2017 жылы жазылу жалғасуда

Жазылу еліміздің кез
келген «Қазпошта»
бөлімшелері арқылы
жүргізіледі

Жазылу индексі
65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,29	297,93
3 айға	837,87	893,79
6 айға	1675,74	1787,58
12 айға	3351,48	3575,16

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САЙТЫ
jasqazaq.kz



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)

57,30



DOLLAR

326



EURO

352



РУБЛЬ

5,45

Билік



«КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ» ИГІЛІГІН КӨРЕЙІК

«Қашағанда мұнай өндіру жұмыстары басталды. Төңіз кен орнының аясын кеңейту туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар Қарашығанаққа қатысты мәселе шешімін тапты. Осыған байланысты мұнай өндіру және оны қайта өңдеу көлемін арттыру қажет. Бұл үшін біз мұнай өңдейтін үш зауытты қайта жаңғыртып жатырмыз». Елбасы бұл туралы кеше энергетика министрі Қанат Бозымбаевты қабылдағанда айтты.

Кездесу барысында Елбасы энергетикалық шикізат өндіру және қайта өңдеу саласындағы жобаларды іске асыру қажеттігіне назар аударды. Сондай-ақ Қазақстан Президенті газ өндіру, елді газдандыру жұмыстарын жүргізу, Балқаш жылу электр стансасының құрылысына қатысты мәселені шешу, энергетика саласындағы нысандарды жекешелендірудің маңызын атап өтті.

Энергетика министрінің айтуынша, 2016 жылдың қорытындысы бойынша мұнай экспорты артқан. Мұнай өндіру жоспары биыл 75,5 миллион тонна болса, өндірілген «қара алтын» көлемі 78 миллион тоннаға жетті. Қашағандағы мұнай өндірісі есебінен жоспардың артығымен орындалғаны

байқалады. Онда былтыр 1 миллион тоннаға жуық мұнай алынды. Мұнай экспортын 62 миллион тоннаға дейін артқан. Оның 40 миллион тоннасы Каспий құбыр желісі консорциумы арқылы тасымалданды. Мемлекет қолдауының арқасында алғаш рет 325 мың тонна битум қайта өңделді. Сұйық газ өндірісінің көлемі 136 тоннаға көбейген. Энергетика министрі мемлекет басшысына өндірушілер мен трейдерлер арасындағы келісім нәтижесінде автожүргізушілер қажеттілігі үшін жеткізілетін сұйық газ көлемін арттыру, электр энергиясын экспорттау жағдайы, геологиялық барлау жұмыстарын күшейту жөніндегі жоспар туралы баяндады.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

10

млн теңге. Солтүстік Қазақстан облысында бұғыны атқан екі азаматқа салынған айыппұл көлемі

200

млн теңге. Жыл басынан бері 44 кәсіпорын 348 азаматқа осынша жалақы төлемеген

239

адам. Сыр өңірінде заңсыз есірткі бизнесмен айналысқандар

Ірі қалада кондуктордың автобустан басын шығарып, келесі аялдаманы айқайлап хабарлайтынын талай кездестірдік. Шымкентте енді олай болмайды. Қала басшысы тыйым салды.

«АЙҚАЙЛАУҒА БОЛМАЙДЫ»



Бұл мәселені Ғабидолла Әбдірахымов жолаушылар тасымалымен айналысатын компания өкілдерімен болған кездесуде көтерді. Шымкент әкімі «Өз жүргізушілеріңмен, кондукторлармен сөйлесіңіздер, айқайлауды доғарсын. Бұл маскара емес пе!», — деген болатын. Алайда ottyar.kz сайтының хабарлауынша,

әкімнің бұл пікірімен қаланың барлық тұрғыны келіспейді. Керісінше, солай ынғайлы екен. Ал аялдамадағы айқайдан мезі болғандары әкімнің шешімін құптап отыр. Тасымалдаушы компанияларға біраз уақыт берілді. Егер жағдай өзгермесе, билет тексерушілермен қоса жүргізушілер де жұмысынан айырылуы мүмкін.

Сөз-жебе

Қайрат ҚОЖАМЖАРОВ,

мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы:

«Адам алдымен өзіне «Еліміздегі жемқорлықтың деңгейін төмендету үшін не істедім?» деп сұрақ қоюы керек. Меніңше, посткеңестік елдер ішінде Қазақстан жемқорлықпен күресте ең белсенді ел саналады. Біздің тәжірибемізге көптеген ел, дәлірек айтқанда, біздің көршілеріміз, тіпті дамыған елдер қызығушылық танытуда. Бізді лауазымы төмен шенеуніктерді ұстайды, «айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылады» деп айыптайтын. Қазір жағдай өзгерді»

Күләш ШӘМШИДИНОВА,

«Назарбаев зияткерлік мектептері» АҚ басқарма төрайымы:

Бақытжан ӘБДІРАЙЫМ,

Мәжіліс депутаты:

«Алдағы 25 жылда дамыған мемлекеттерде адамдардың жұмыссыз қалу көрсеткіші 47 пайыз жетеді. Бұл – бәрі автоматтандырылады деген сөз. Демек, ол адамдар өз мамандығын өзгертуге дайын болуы тиіс. Осы жерде өмір бақи білім алудың маңызы арта түседі. Бұдан қандай қорытынды шығады?

«Қазір еліміздің білім беру саласында жақсы реформалар іске асып жатыр. Әрине, электрондық жүйелерді дамыту жолында адамның кім болып қалыптасатынын да естен

Бүгінде адамның бір рет білім алғаны жеткіліксіз. Ол процесс үздіксіз жүруі тиіс. Міне, осыған байланысты қазірден бастап балалардың сындарлы ойлау қабілетін дамыту аса маңызды. Олар өздігімен ақпарат іздеп, нарық талаптарына бейімделе білуі керек»

шығармау қажет. Бізге жақсы маман қажет. Оған қоса, ол жақсы адам болуы керек. Ал жақсы адам деген кім? Ол – өзінің тілін, дінін құрметтейтін, салт-дәстүрін білетін, қазақ екенін ұмытпайтын адам. Қазір жаппай ақпараттық технологияларға үйретеміз деп, болашақта сол баладан робот жасап, оны адам ретінде жоғалтып алмасақ болғаны. Атақты Әл Фарабидің өзі «Баланың білімінен тәрбиесі артық» – деген болатын»

Әлеумет.t⁰

Өткен аптада «Көкшетау жылу» кәсіпорны қалалық әкімдік және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен жылу қуатына қарыздарын төлемейтін немесе кешіктіріп төлейтін тұтынушыларды анықтау, қарызды қайтару мақсатында рейд өткізді.

Көкшетауда жылу қарызы мәселесі биыл пайда болып

тұлғаныкі кәдімгі кез келген тұрғын пайдаланатын жылу төлемакысы іспетті және 2013 жылдан бері коммуналдық қызметакысы осылай төлеп келген. Өкінішке қарай, иесі табылмады.

Дегенмен, ғимараттың жылу жүйесінен ажыратылатындығы, сот арқылы шешім шығартып, қарызын өтегенше дүние-мүлкі тәркіленетіндігін

БАЙЛАР ДА ЖЫЛАЙДЫ...

отырған жоқ. Бұл өзі әзірге емі табылмай тұрған, асқынған сырқат. Жылуға жүз мың теңгелеп берешек болғандар толып жатыр. Сонау 2013 жылдан бері. Кәсіпорын қол қусырып қарап отырған жоқ, табанынан таусылып талай мәрте келіп есігін қағып, итін абалатқан. Соттың да үкімі шығарылған. Тек сот орындаушыларының мүмкіндіктері жете бермеді. Қайсыбірін тауысарсын.

Егер қарызы қордаланып қалған тұрғындар арасында жарыс өткізетін болса, Шевченко көшесіндегі 142 үйге тіркелген А.Аушахимова міндетті түрде гран-приді жеңіп алар еді. Өйткені, оның қарызы 591 мың 292 теңгені құрайды. Бұл бір адамның ғана қарызы. Ысқырығы жер жаратындай болып күпінген рейд мүшелері алдымен қордаланған қарыздың көлемінен шаппай бөйге алатын жанағы үйге беттеді. Сөйтсек, бұл көп қабатты үйдің пәтері де немесе жеке үй де емес екен, тұтас коммерциялық кешен. Төбесіне қарасан, төбендегі қоян малакай жерге қарай құлдырап түсетін еңселі, екі қабатты құрылыс. Қонақүйі жұмыс істеп тұр, дәмханасында адамдар ас ішіп жатыр. Ішінде аяғын ұшынан басып қаншама қызметкері келген халыққа қызмет көрсетіп жатыр. Сөйтсек, бұл ғимаратты заңды тұлға емес жеке тұлға ретінде тіркетіпті. Егер сауда жасап жатқан коммерциялық тұлға болса, қолданылатын ережеге сай жылудың төлемакысы да көп болмақ. Ал жеке

Әңгіменің ашығы

Дәурен АБАЕВ:

ТЕЛЕАРНА МЫҚТАП ОЙЛАНСЫН!

Көрермендердің отандық телеарнаға көңілі толмайды. Бұл туралы үкімет отырысында ақпарат және байланыс министрі Дәурен Абаев мәлімдеді.

Министр «Біз жүргізген әлеуметтік сауалнаманың нәтижесі көрсеткендей, халықтың телеарналардағы есепсіз жарнамаларға, аймақтық контенттің, Қазақстан туралы танымдық бағдарламалардың аздығына және отандық телеарналарда жұмыс істейтін журналистердің деңгейіне көңілі толмайды. Біздің телеарналар бұл мәселеге қатысты ойланып, көрерменін ұстап қалу үшін тиісті шара қолдануы қажет», — деді. Бұл проблемаларды шешу үшін министр телеарна басшыларына толық метражды телесериал түсіріп, қызметкерді КРІ жүйесі бойынша бағалауды ұсынды. Бұл өз кезегінде журналистердің деңгейін арттыруға септігін тигізеді.

Сарап

Қазақта «Еңбек еткеннің еңсесі биік» деген жақсы сөз бар. Бүгінде қол құсырып отыруға болмайтынын түсінгендер тіршіліктен кенде емес. Дегенмен, елімізде жұмыссыздық мәселесі ешқашан маңызын жоғалтқан жоқ. Ұлттық экономика министрлігінің статистика комитетінің баспасөз қызметі хабарлағандай, өткен жылы 500 мыңға жуық адам екі қолға бір күрек таппай жүріпті. Ал бейресми мәліметке сәйкес, жұмыс істемей жүргендердің саны одан да көп. 2015 жылы Астана мен Алматы қалаларында жұмысқа тұрғандардың саны 113 мыңға өскен. Мұндай көрсеткіш бұрын-соңды тіркелмепті. Екі қаладағы жағдай екі түрлі тәсілмен шешілген. Бірінде сауда-саттық саласы дамыса, Астанада құрылыс қарқынды түрде жүргізілді. 2011 жылы бас қаламызда ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі өтетіні белгілі болған уақыттан бері құрылысқа 9 мыңға жуық адам тартылды. Ал халықаралық көрме жұмысына 50 мыңға жуық адам жұмылдырылған. Ranking.kz сайты мынадай қызық дерек ұсыныпты. Индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында 2015 жылы еліміз бойынша 4,5 мың жұмыс орны ашылған. ЭКСПО-мен салыстырып көрсен, айырмашылық бар.

ПОЛИГОННАН ЖАСЫЛ ЭКОЛОГИЯҒА ДЕЙІН...

Еліміз тәуелсіздік алған күннен Семей полигонын жабу арқылы әлемге жасыл экология бағытындағы ұстанымын нақты білдірді. «Асықпасаң, арманыңа жетерсің» демекші, ширек ғасыр бойы бұл бағытта кешенді бағдарламалар қабылданып, жасыл экологияны дамыту қарқынды түрде қолға алынды. Алайда өндіріс саласын дамытпайынша, экономиканың да өрге баспайтыны белгілі. Ал өндірістің көбеюі қоршаған ортаға өзіндік зиянын тигізіп жатыр.

Сондықтан, экологияны да сақтап, экономиканы да алға жылжытудың ең тиімді

ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ОРТАҚ МҮДДЕСІ


«Болашақ энергиясы» ұранымен өткізілетін халықаралық деңгейдегі шараға дайындық қарқынды түрде жүргізілуде. Қазіргі таңда 112 ел, 18 халықаралық ұйым көрмеге қатысатынын растады. 100-ден аса келісімшартқа қол қойылып, павильонға қатысты 90 тұжырымдама бекітілді. ЭКСПО-ны өткіземіз деген күннен бастап, сынаушылар да көп болды. Оған да түсіністікпен қарауға болады. Өйткені халықаралық көрме құрылысын жүргізу барысындағы орын алған келенсіз оқиғадан жұрт хабардар. Осыдан кейін «мемлекеттен бөлінген қыруар қаржы қайда жұмсалып жатыр?» деген заңды сауал

жолы жаңғыртпалы қуат көздерін дамыту. «ЭКСПО-2017» көрмесі қоғамдық кеңесінің төрағасы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеттің ректоры Ерлан Сыдықовтың айтуынша, кейінгі уақыттары әлем атом қуатын тиімді пайдалануға көшкен. Бірақ ол әдістің де сәтсіз екенін Чернобыль мен Фукусима атом электр стансасындағы апаттан көруге болады. Өткен жылы Жапония «Фукусима» атом электр стансасындағы апат салдарын жоюға 195 млрд доллар жұмсалатынын есептеп шықты. Ал 1986 жылы Украинада орын алған Чернобыль апатында кем дегенде 5 млн адам зарлап шеккен. Мұндай орны толмас қайғыны болдырмаудың ең ұтымды жолы — энергияны таза экологиялық әдіспен алу. Ерлан Сыдықов жаңғыртпалы қуат көздерін дамыту арқылы «жасыл» экономиканы қалыптастыруға болатынын айтады. Оның пікірінше, ЭКСПО-2017 көрмесі отандастарымыздың жаңғыртпалы қуат көздеріне қатысты түсінігін өзгертеді. Қазірден бастап, бұл мәселенің өзекті екенін санамызға сіңірте беруіміз керек. Себебі Еуропаның дамыған елдері дәстүрлі жер асты байлығына қарағанда, жаңғыртпалы қуат көздеріне басты назарға алып отыр. Мәселен, дағдарысқа байланысты 2015 жылы мұнай және газ саласына берілетін 400 млрд долларды құрайтын инвестиция тоқтатылса, жаңғыртпалы қуат көздеріне 330 млрд доллар бөлінген. Осы тұрғыдан алғанда, 4 айдан кейін басталатын ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің уақытылы өтіп отырғанын айта аламыз.

туындайтыны анық. Осы және өзге де мәселелерге қатысты жұмыстар ашық жүргізілу үшін 2015 жылдың соңына таман Қоғамдық кеңес құрылды. Оның төрағасы — Ерлан Сыдықов. Қоғамдық кеңес мемлекеттік қаржының қаншалықты тиімді және өз мақсатына жұмсалғанын айқындайтын болады. Ерлан Бөтташұлы ЭКСПО тұралап қалған туризмді де дамытуға сеп болатынын айтады. Көрмеге 2 миллионға жуық (оның 85 пайызы отандастарымыз) қонақ келеді деп күтілуде. Жалпы туризмді

БЕНЗИН БАҒАСЫ ӨСТІ

	АИ-92: 137-139 теңге АИ-95: 150 теңге
	АИ-92: 140 теңге АИ-95: 152 теңге
	АИ-92: 138 теңге АИ-95: 150 теңге
	АИ-92: 145 теңге АИ-95: 161 теңге
	АИ-92: 139-141 теңге АИ-95: 153 теңге



Қанат БОЗЫМБАЕВ,
энергетика министрі:

«Бензин қымбаттауының бір себебі – теңгенің рубльге шаққандағы бағамының өзгеруі. Бұл дерек осыдан екі апта бұрын болған. Осы уақытта импорты бензин сатып алынып жатты. Сәйкесінше, ресейлік бензиннің бағасы көтерілді. Жалпы өткен жылы теңге рубльге қарағанда 20%-ға әлсіреді. Баға рубльге шаққанда қатты өзгеріске ұшырамайды. Бірақ оны теңгеге аударсаң, тұтынушыға қымбатқа түскенін аңғарасың. Біздің мұнай өңдеуші зауыттар жұмыс істеп жатыр. Қажетті көлемді өндіруде. Сондықтан жанар-жағармай тапшылығы болмайды»



дамыту экономикалық тұрғыдан тиімді екені айтпаса да түсінікті. Қолда бар дерек бойынша, 2015 жылы әлемді 1 млрд 184 млн турист араласа, 2016 жылы оның саны 50 миллионға

ЭКСПО құрылысына отандық компаниялар тартылды. Еліміздің барлық өңірінен өндіріс орындары құрылыс материалын жеткізіп отыр. Қоғамдық кеңес төрағасының пікірінше, осы уақыт аралығында ЭКСПО отандық кәсіпкерлікті қолдайтын дағдарысқа қарсы ұлттық жобаға айналды. Бас мердігер компаниялар 366 отандық тауар өндірушіні тартып, құны 52,5 млрд теңгені құрайтын келісімге қол қойылды. 50 мың адам жұмыспен қамтылды. Алайда


ЖҰМЫС КҮШІН ЖАНДАНДЫРҒАН ЖОБА

Ерлан СЫДЫКОВ

артқан. Қоғамдық кеңестің еліміздегі мемлекеттік органдарға дайындаған ұсынысында туризмді дамытудың негізгі тетіктері көрсетілген. Е.Сыдықов «Ұсыныс хатты үкімет басшысы құп көріп, тиісті мекемелерге тапсырма берсе, еліміздегі туризм саласының дамуына едәуір үлес болмақ», — дейді. Жаңа жұмыс орындары ашылып, қызмет көрсету сапасы жақсаралды. Қоғамдық кеңес әзірлеген 14 ұсыныстың ішінде мемлекеттік бюджеттің немесе ұлттық компаниялардың қаражатына іске асырылатын жобалардың құрылысына отандық тауар өндірушілердің қатысу міндетін заңнамалық тұрғыда бекіту көрсетілген. Бұл ұсыныс та бекер айтылмаған. Жоғарыда атап өткенімдей,

Елдос ӨМІРЗАҚ

Елімізден тұңғыш рет 32 контейнермен 720 тонна астық Қытайдың Ляньюньган порты арқылы Вьетнамға жөнелтілді. Бұл туралы осы аптада Қазақстанның Қытайдағы елшісінің көмекшісі Сәуле Нұрғалиева хабарлады.

АСТЫҒЫМЫЗ ВЬЕТНАМҒА ЖӨНЕЛТІЛДІ

директорлар кеңесінің төрағасы Дин Жуй қатысты. Ол Қытай тарапының Қазақстан аумағы арқылы көлік дәлізін дамытуға, қазақстандық өнімдерді Қытай аумағы арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне шығаруға қолдау көрсететіндігін атап өтті. Осы дәліз арқылы елімізге Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің түрлі өнімдерін жеткізуде жоспарланып отыр.

Экспорт

Астықты жөнелтуді «Қазақстан теміржолы» компаниясы мен Ляньюньгандағы халықаралық логистикалық компания бірлесе отырып жүзеге асырады. Салтанатты шараға «Ляньюньган» порты

800 МЫҢ ТОННА ЖАНАРМАЙ ҚАЖЕТ

2017 жылы әуе отынына қажеттілік өткен жылмен салыстырғанда 60,2 пайызға өседі. Бұл туралы инвестиция және даму министрлігінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Отандық тасымалдаушылардың жоспарлауынша, биыл қажетті жанармай көлемі 801 мың тоннаны құрайды. 2016 жылы бұл көрсеткіш 500 мың тонна болған. Энергетика министрлігі ұсынған ақпаратқа сәйкес, 2017 жылы отандық мұнай шығару зауыттары өндіруі тиіс әуе жанармайының мөлшері 241 мың тонна болады. Жеткіліксіз отын негізінен Ресейден импортталады. 7kun.kz хабарлағандай,



отандық жағармайдың барлығы (241 млн тонна) нарық субъектілері арасында бөлінеді. Air Astana жалпы есептең — 49,9%, Scat — 15,8 пайыз, Qazaq Air — 2,1%, Bek Air 3,4% алады. Ал Алматы, Астана әуежайлары — 14,5 және 8,3 пайыз үлеске ие болады. Осылайша, жанармайдың жалпы көлемі бойынша әуе компаниялардың үлесі — 71,2 пайыз болса, әуежайлардың үлес мөлшері 28,8 пайыз болды.



«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



5

(Басы 1-бетте)

Әлеуметтік желі арқылы тараған ойынның шырмауына оқушылар мен студенттер түсуде. Саясаттанушы Дәурен Бабамуратовтың айтуынша, Алматыда бір мектептің өзінде 15 бала «Көк китке» тіркелген. Қазірге дейін Тараз, Қостанай, Қызылорда, Шахтинск, Семей қалаларында жасөспірімдер жарға жағыр кесірдің жетегінде жүрген. Бір қуантарлығы, балалар дін-аман. Уақытылы дабыл қағып, олардың әлеуметтік желідегі парақшасын тексерді.

«Жас қазақ» газетінің кезекті конференциясын осы тақырыпқа арнадық, «Болашақ» жастар қозғалысының жетекшісі Дәурен Бабамуратов жүргізген дөңгелек үстелге 365info.kz сайтының тілшісі Александра Алехова, «Әділ сөз» қоры жанындағы Қоғамдық сараптама орталығының жетекшісі Ғалия Әженова, саясаттанушы Асхат Қасенай, Алматыдағы Қарағайлы мешітінің бас имамы Ермек Көкірекбаев, тарихшы Талғат Жанысбай, IT саласының маманы, блогер Нұрлан Жанай қатысты.

Дәурен Бабамуратов: Құрметті достар, біз бүгін «Жас қазақ» басылымының ұйымдастырған жиында бас қосып отырмыз. Басты мақсат — әлеуметтік желі арқылы жасөспірімдерді өлімге жетелейтін «Көк кит» кесапаты туралы мәселе қозғау. Бұл мәселенің маңызды екені айтпаса да түсінікті. Ата-аналар аландап отыр. Ресей, Қырғызстан, біздің елдің де бүлдіршіндері осы ойынға кіріп кеткені туралы естіп жатырмыз. Біреулер нақты тапсырманы орындап жатыр екен. Кейбірі тек қызық үшін кіреді. Алайда өз-өзіне қол салғандар туралы деректер шығып жатыр. Осы тақырыпты бір жылдан астам уақыт зерттеген журналист Александра Алехова аразызда отыр. Ол басқа атпен Вконтакте әлеуметтік желісіне кіріп, «Көк китке» қатысты қанша топ бар соның барлығына тіркелген.

Александра Алехова: Иә, дәл солай. Өткен жылы жаз мезгілінде баламның ақсауы арқылы тіркеліп, өзімнің кішігірім зерттеуімді бастадым. Екі аптаның ішінде 156 жабық топтың мүшесі болдым. Ойындар «Көк кит», F57, F58, «Тыныш үй» деп белгіленген. Бір топ жабылса, ертесіне тағы біреуі ашылады. Сол себептен бұл мәселені тек топты бұғаттау арқылы шешуге болмайды. Бұл ойынның мақсаты белгісіз.

Біреулер еріккен әлдекімдердің жасағаны деп айтады. Менің ойымша, әлеуметтік желіде жаппай осыны тарату арқылы ақша жасағысы келеді.

Дәурен Бабамуратов: Ол сонда қалай? **Александра Алехова:** Көп адам тіркелген топты ашсаң, неше түрлі жарнама шығады.

Нұрлан ЖАНАЙ:
«Бұл мәселенің дендеп кетуі ата-ананың жауапсыздығымен, ғаламтор саласындағы сауатсыздығынан. Ата-ана баласының ғаламторды не үшін пайдаланатынын білуі керек. Үйге шектеусіз интернет қоймағаны абзал»

Киімнен автокөлікке дейін жарнамаланады. Қазір мен отырған бұрынғы топтың бәрі жабылды. Жанасы қайта ашылып жатыр. Оған тіркелуім керек.

Елдос Өмірзақ: Түсінуімізше, бірінші тіркеліп аласың. Кейін арасына іріктеп өздері ойынға шақырады. Солай ма?

Александра Алехова: Алдымен сіз ашық топқа тіркелесіз. Сол жерден іріктеуден өткені жабық топқа жіберіледі. Содан кейін ғана ойынға кірісесіз. Топ администраторы ойынды бастамас бұрын бейнекамера арқылы сөйлесуге шақырады. Осы жерден мен өте алмай қалдым. Себебі жасым сай емес. Ал баламды көрсету қауіпті.

Дәурен Бабамуратов: Ол жерде тек жасөспірімдер отыра ма? Жас ерекшелікке қатысты қандай да бір шектеу бар ма?

Александра Алехова: Студенттер де бар. Жасқа қарайды. Мен 15 жасар бала ретінде тіркелдім.

Дәурен Бабамуратов: Топтар Ресей аумағында ашылған ба?

Александра Алехова: Оның географиясын анықтау қиын. Бірақ ол жерде тіркелген адамның қайдан екенін білу оңай. Мен ең көп адам тіркелген топта 37 мың отандасымыз бар екенін санап шықтым. Оны да кейін жауып тастады.

Елдос Өмірзақ: Сол ойынды ашқандардың жарнамадан бөлек, басқа да бір мүддесі бар ма?

Александра Алехова: Менің ойымша, бұл жасөспірімдерді және олардың ата-анасына үрей туғызу үшін жасалған.

Дәурен Бабамуратов: Оларға бұл не үшін керек? Мәселен, еріккеннің ермегі үшін бір топ адам жұмыс істемейді ғой. Солай емес пе?

Александра Алехова: Неге? Бүгінде іші пысықандар көп. Мәселен, осындай қорқынышты суретті, жазуды мен бес-ақ минуттың ішінде әлеуметтік желі арқылы тарата аламын. Бұл 2012 жылдан бері әлеуметтік желіде бар. Елімізде бұл тақырып екі апта бұрын қызу талқылана бастады.

Себебі Маңғыстау облысында, Астанада осы ойыннан зардап шеккендердің бар екені анықталды. Менде Алматының бір колледжінде оқитын 17 жасар студенттің осы ойынның 20-дан астам тапсырмасын орындағаны туралы дерек бар. Осы мәселе бойынша еліміздің ішкі істер министрлігіне хат жаздым. Баланың кім екенін анықтауды сұрадым. Ертерек анықтап, психологқа жіберу керек. Оның қазір ойнап жатқаны туралы нақты дерек жоқ. Бірақ дәл біз ойлағандай болса, онда бір шара қабылдауымыз қажет. Жуырда ішкі істер министрлігіне «қанша бала әлеуметтік желінің кесірінен өзіне қол жұмсалды?» — деп сұрау салғанбыз. «Мұндай ақпарат бізде жоқ. Оған Бас прокуратура жауап бере алады» — деген жауап келді. Ал Бас прокуратура сұрақты ішкі істер министрлігіне бұрады. Нәтижесінде ешқандай жауап жоқ. Менің осы мәселеге қатысты ұсынысым бар. Бір арнайы топ құру керек. Оның ішінде ішкі істер министрлігінің өкілі, қоғамдық ұйымдардың мүшесі, еріктілер тобы болса. Арнайы ақпарат орталығын ашып, әлеуметтік желі арқылы тараған осындай қорқынышты сурет пен жазулардың қайдан тарағанын бірден анықтап, 10 минуттың ішінде тәртіп сақшысы мекенжай бойынша жасөспірімді тауып алу керек. Ішкі істер министрлігі мен прокуратура бір-біріне сілтемей, бірігіп жұмыс істесе, нәтижелі болар еді.

Дәурен Бабамуратов: Сізге үлкен рахмет. Еріктілер тобын құру бастаманыз, құптарлық ұсыныс. Александра мәселені бұрыннан зерттеп жүргендіктен, ұзағырақ сөйлетуге тырыстық. Асхат, сіз осы мәселеге қатысты не айтасыз? Мен бұл ойынды еріккендердің ермегі дегенге сеніп тұрған жоқ.

Асхат Қасенай: Жастардың көпшілігі осындай топқа тіркелгені рас. Кейбіреуі қызығушылық танытып жатса, кейбіреуі ойнап жүр деп те айтса болар еді. Бірақ бұл белгілі бір азаматтардың қызығушылығынан туындаған нәрсе емес, үлкен саяси идеология деуге болады. Дәл осындай сипаттағы дүниелерді ойлап табу

сауатсыздығынан. Ата-ана баласының ғаламторды не үшін пайдаланатынын білуі керек. Үйге шектеусіз интернет қоймағаны абзал. Бейберекет пайдаланса, түрлі нәрсеге ұрынары сөзсіз. Сабағын орындау үшін қажет болса, 2-3 сағат қосып беру керек. Бүгінде өз тыныштығы үшін, тіпті 3 жасар баланың қолына планшет ұстата салады. Ал ол бала ғаламтордан не көріп отыр? Оны қарап жатқан ешкім жоқ. Баласымен сөйлесуден, ойнаудан қалды. Ата-ана бір бөлек, баласы басқа әлемде отырады. Осы әлеуметтік желіде қауіпті ойынды ашқан жігіттің сұхбатын оқып қалдым. Ол «өзінің өмірге не үшін, келгенін білмейтін, өзін-өзі өлтіргісі келетіндерге көмектесім келді. Мен өзімді кінәлі сезінбеймін», — дейді.

Дәурен Бабамуратов: IP мекенжайын анықтау оңай ма?

Нұрлан Жанай: Оны анықтайтын арнайы бағдарлама бар. Ол кез келгеннің қолынан келеді.

Дәурен Бабамуратов: Осы күнге дейін бұл ойынға қанша адам тіркелді. Соның барлығын бір адам басқарып отыр ма?

Нұрлан Жанай: Негізгі, бір адамның мыңдаған адамды басқаруы мүмкін емес. Ол 5 жыл осы ойынды ойластырғанын айтыпты. Түнгі

ұйқысы дұрыс болмаған баланы өзінің ыңғайына келтіру оңай екен. Бұлар тапсырманы таңға жуық береді. Баланың психикасын зерттегені осыдан-ақ



кез келгеннің қолынан келмейді. Бұл бұрыннан ойластырылған жоспар. Мұндай топты құратындар жастардың психологиясы мен қызығушылығын өлден біледі. Ұзақ уақыт бойы зерттеген. Не қызықтырады, неге көңілі толмайды? Сауалнама да жүргізген болар. Бұлардың қармағына өмірден түнілген, болмаса әлеуметтік жағдайы нашар отбасыдан шыққан балалар ілігеді. Тағы бір қосарым, IP мекенжайынды кез келген адам анықтай алмайды. Жастардың санасы құрту бойынша жасырын топтар жұмыс істеп жатыр. Неге жастар осындай топқа кіреді? Бұл біріншіден, психолог мамандардың жоқтығы. Дәл осындай топтарға кіретін жастар өзін-өзі өлімге итермелеймін деп кірмейді. Олар өзіне қолдау, қамқорлық іздеп кіреді. Бізге бірінші кезекте мектепке білікті психолог тарту мәселесін шешуіміз керек. Себебі кейбір аудандарда, ауылдарда психологтың қызметін басқа сала маманы атқарып жатқанын көзіміз көріп жүр. Сондай-ақ әлеуметтік желіге кіру тегінің 18+ деп көрсетіп, оған жеке куәліктегі мәліметті енгізу керек. Мен өзім бағдарламашы болмағандықтан, оның қалай істеуге болатыны білмеймін. Бірақ бұл әліс көмектесер еді.

Елдос Өмірзақ: IT саласының маманы Нұрлан Жанай білетін шығар мүмкін. Әлеуметтік желіде осылай жас ерекшелігіне байланысты шектеу қоя аламыз ба?

Нұрлан Жанай: Әлеуметтік желіні қолдану әлемдік стандарт бойынша 13-14 жасстан басталады. Бірақ жеке куәлік бойынша әлеуметтік желіге кіруге мүмкіндік жасау мүмкін емес. Бұл мәселенің дендеп кетуі ата-ананың жауапсыздығымен, ғаламтор саласындағы

көрініп тұр. Мәселен, 50 тапсырманы рет-ретімен орындатудың өзі ойластырылған.

Негізі бұл ойынды 10-15 адамның бірігіп жасауы мүмкін. Ары қарай желі маркетингі сияқты жастар жаластырып кеткен. Бұл белгілі бір топтың мүддесі болып тұр. Ойынға не себептен «Көк кит» деп атау бергенін де анықтап көрдім. Естуіміше, көк кит — суицид жасаушылардың символы екен. Себебі көк киттер көбіне теңіздің жағасына шығып, өздерін өлтіріп алады.

Дәурен Бабамуратов: Мен осы мәселе бойынша Алматыдағы бірнеше мектептің директорымен сөйлестім. Сонда бір мектепте 15 баланың «Көк кит» ойынына тіркелгенін естідім. Оның жетеуі жай ғана ойынға кіріп шықса, сегізгі тұрақты түрде тіркелген. Бұл бір ғана мектепте болып жатқан дүние. Сонда басқа мектептер туралы сөз қозғаудың өзі қорқынышты. Бұл жерде ата-анаға ғана сілтей бермей мәселенің екінші жағын да қарастырсақ.

Ғалия Әженова: Бұл өте күрделі мәселе. Бұған баланың үйінде эмоционалдық жылу, құндылық болмағанынан деп ойлаймын. Осының себебі мен салдарын білуіміз керек. Себебі кит етсе, біз мектептен, мұғалімнен көреміз. Алайда осының бәрі отбасынан басталатынын біліп отырмыз. Адамның ішкі түйсігі жоқ, ішкі отбасылық құндылығы болмағандықтан, тез шырмалады. Негізінде баламен үнемі эмоциялық қатынаста болу керек. Негізгі біз материалдық құндылықты ойлап кеттік те, отбасы құндылығын ұмыттық. Заң жағына келсек «өзін-өзі өлтіруге жеткізу» деген бап бойынша 3 жылдан жоғары бас бостандығынан айыру жазасы бар. Біздің жасөспірім балалар ата-анасымен жақын сөйлеспейді. Қарым-қатынас аз.

Дәурен Бабамуратов: Мен айтылған мәселелермен толықтай келісемін. Ата-ана баласының тәрбиесіне қарау керек. Отбасында жақсы тәрбие алған бала сыртқа жамандық жасамайды. Бірақ кейбір жас ата-ананың қолынан тәрбие беру келмей жатады. Талғат мырза, ондай кезде не істеуге болады?

Талғат Жанысбай: Жалпы, мәселенің себебін іздеуіміз керек дейміз. Ал біз себебін іздегенде көп нәрседен кеш қалып жатамыз. Бұл мәселеде де солай. Тым кеш қимылдадық. Телераида бақылау жоқ. Таннан кешке дейін данғаза ән. Тіпті жастарды еліктіретін түрлі топтар да қаптап кетті. Менің ойымша, әлеуметтік желіде қауіпті ойынды жасап отырғандар өте білімді адамдар. Бұл топты қаржыландыратын ұйым болуы да мүмкін. Мені осы мәселе толғандырады. Бес жыл бойы жасалған дүние болса, жан-жақты зерттеліп, зерделеніп жасалғаны анық. Оны сол уақыт аралығында біреу қаржыландырды. Бұл 50 тапсырманы орындатудың өзі жайдан-жай жасала салған дүние емес. Тәжірибелі психологтардың тапсырмасы. Қазір бір дертке айналды. Жастарды түнгі 11-ден кейін ұйықта деп тоқтата алмайсың. Қазіргі қоғам ондай емес. Іні-

қарындастарымызға смартфон ұстама деп тағы айта алмаймыз. Оның басқа жолын қарастыру керек. Өзіміздің IT мамандарға қаржы бөліп, өзіміздің әлеуметтік желіні ашуымыз керек. Жастардың сауатын арттыратын курстар ашсақ дұрыс болар еді.

Елдос Өмірзақ: Талғаттың ойымен келісуге болады. Себебі қазір ғалымдар зиянкес құртты жоятын дәрі ойлап тапқанша, оны биологиялық жолмен құртуды қарастырады. Ол қалай? Дәл сол құртты жейтін басқа жәндікті жібереді. Мәселен, зиянкес құрт жапырақты жейтін

болса, әлгі жәндік құртты жейді. Осылайша мәселені шешеді. Жастардың бағытын бұратын, қызықтыратын өзіміздің әлеуметтік желіні ашса деген ұсынысты құптап отырмын.

Нұрлан Жанай: Әлеуметтік желіні ашу керек деп келе жатқаныма 10 жыл болды. Бірақ әлі жүзеге аспады. Вконтактенің бұрыннан біздің менталитетке келмейтінін айтқанмын. Орыстың кейбір ұятсыз сөзі қолданыста жүр. Оны кез келген уақытта айтып отыра береді. Біз ондай емеспіз. Тәрбие бөлек. Бұл әлеуметтік желіні жаба алмаймыз. Қазақстандық баламасын да жуық арада жасай алмайтын шығармыз.

Ермек Көкірекбаев: Менің ойымша, ұлттық ойын мен спорттық ойын түрлерін заманауи үлгіде жасап, балаларымызды соған тартуымыз қажет. Сәйкесінше дұрыс

Асхат ҚАСЕНАЙ:

«Бізге бірінші кезекте мектепке білікті психолог тарту мәселесін шешуіміз керек. Сондай-ақ әлеуметтік желіге кіру тегінің 18+ деп көрсетіп, оған жеке куәліктегі мәліметті енгізу керек»

бағыттағы әлеуметтік желіні табуымыз керек. Мысалы, осыдан он жыл бұрын теріс ағымдағы төқфир ағымын тұтынушыларды айтып жар салдық. Олардың қауіпті екенін айттық. Ол кезде ешкім назар аудармады Енді олар жер жерді жара бастап еді, билік тарапынан оларға қарсы күрес пайда болды. Сондықтан бұл мәселені шешу де қуырлы органдардың қолынан келеді. Адам өзін-өзі рухани жағынан дамытып отыруы керек. Ал кішкентай балаға жасынан ненін дұрыс, ненін дұрыс емес екенін айтып өсіруіміз керек. Мектептегі психологтардан бөлек, діни сауатты психолог мамандарды дайындаған жөн. Ал осындай жағдайдың алдын алу үшін мешіттерде түрлі шаралар қолға алынды. Мысалы, 3 айлық жазғы каникулда жасөспірім балаларға діни сауат ашу сабақтары жүргізілді.

Дәурен Бабамуратов: Бүгінгі жиынды қорытындылайтын болсақ, шын мәнінде, мәселе тек ақшада емес. «Жалпы, әлем бойынша дәстүрлі құндылықты жоюға бағытталған шара» деп білемін. Менінше, мұның артында жоспарлы түрде жасалған бір топ тұрғаны анық. Бұл «Көк кит» атауы қазіргі таңда түрленіп күн сайын өзгеруде. Біз емес Ресейдің өзі бұл ойынмен күресіп жатыр. Дегенмен де толықтай тосқауыл қою мүмкін емес. Менің ойымша, біріншіден, бұл жерде мемлекеттің жүйелі жұмысы керек. Екіншіден, қоғамдық жұмыс қажет. Сонымен қатар осы дертпен күресетін еріктілер тобын құрған жөн.

Дайындаған Елдос ӨМІРЗАҚ, Макпал НОҒАЙБАЕВА





www.jazqazaq.kz

E-mail: jaz_qazaq@mail.ru

ӘДЕБИЕТ

Ару-ана



Оның қаламынан әр жылдарда туған «Сын кітабы», «Ойлар, толғаныстар», «Тағдыр және біз», «Жылдар сазы», «Алтын жамбы», «Ақыл таразысы», «Ақ жол», «Жаңдауа», «Дүниетану даналығы» сияқты көптеген еңбектің қай-қайсысы да ұшан-теңіз білім, бұлқына тулаған тегеуірінді ой толқындарымен, терең сезім иірімдерімен, сонымен бірге аса нәзік сарапшылық талғампаздығымен



ерекшеленер еді. Және бұлардың бөрінен эстет қаламгердің төл әдебиет көкжиегін мейлінше кеңейтіп, ұлттық сөз өнері деңгейін әлемдік биікке көтеруге деген арынды құштарлығын аңғарып, тамсанасыз.

Мәселен, ол сонау балаң шағының өзінде Сәкен, Лияс, Бейімбет сынды алыптар тобының ізбасары, алпысыншы жылдардың ұшар басында сұлулықты сүйеніш тұтып, бүкіл бір ұрпақ буыны табынған казактың қадірлі, халықтық қалам қайраткерлерінің бірі — Ғабиден Мұстафин туралы мақаласын: «Алатаудың қаншалықты биік екенін жүрт басына шықпай-ақ біледі. Ұлылық бойын жасыра алмайды. Ал жер құрсағында жанданып, тамыр тартқан дән қылтып қашан күн көзіне шалынғанша көп жанға байкала бермеуі мүмкін. Дихан ғана топырағын таниды. Балаусаға бәрібір бап керек, күн керек, нұр керек; аялар ыстық алақан, мейірім-жүрек керек; өзінің ерен еңсесімен, бүкіл болмысымен қызықтырып, қиялыңды жалғайтын, көз ұшынан көрініп, өз тұғырына жетелейтін қарсы алдыңнан қол жетпес бір биік шынар — асқар тау керек!» деп бастаған екен...

Әрине, әңгімеміз, әдебиеттен гөрі, әдеттегіше, осынау зиялы қауым өкілдерінің жұбайларымен сабақтасатындықтан, ендігі сөз бағытын солай қарай бұрайық.

Зекеңнің зайыбы Майра ханымның мамандығы — психолог. Қазір Алматыдағы жоғары оқу орындарының бірінде психология пәнінен дәріс беретін адамның отбасылық мәселелеріне қатысты ойлары да қызықсыз болмас. Жалпы, өзі, сұрақты ерлі-зайыптылардың күнделікті күйбең тіршілікте бір-бірін түсінуі туралы қарапайым жәйттен бастайықшы.

— Егер өмірлік серігіңнің мінезін түсінбесен, оның жұмысының, алға қойған мақсаттарының мән-мағынасын ұқпасаң, күнделікті тіршілік қағидалары сырына бойлай алмасаң, онда құрылған отбасы мықты бола алмайды. Ал бүкіл өмірін шығармашылыққа арнаған адаммен тұру тігу тіптен қиын, — дейді жеңгеміз. — Бірақ Зейнолламен қосыларда бір байқағаным, шаңырақтағы күйбең тірлік мәселелеріне, ұсақ-түйек саналатын күнделікті тұрмыстық жәйттерге, үй шаруасына қатысты көзқарасымыз өте жақын еді. Сен өйтесін, мен бүйтемін деген «енбек бөлісіне» барыса қоймаппыз. Әуелден бір-бірімізді қас-қабағымыздан ұғып, өзара түсіністікке, сыйластыққа бейім болдық...

Майра Бірләнқызынан жолдасыныңдың жұмыс тәртібі қандай еді деп сұраймыз.

— Зейнолла күндіз-түні жұмыс істейтін адам еді ғой. Онда мына сағатта тұрып, мына сағатта жату дегендей кесте болмайтын. Аяндап, кеңсесіндегі жұмысынан келген соң баппен отырып, бір-екі шыны шайын ішеді де, жарты сағаттай мызғып алып, жазуына кіріседі. Түн ортасында тұрып қарасаң, кабинетінде жұмыс істеп отырғанын көресің. Күйеуімді үй тіршілігіне, отбасылық істерге араластыра бермеуші едім. Мынау жок, анау жок, түген нәрсе

керек демейтінмін. Басы артық сұрақ қоймауға тырысатынмын. Қолымнан келгенше бәрін өзім атқаруға ұмтылдым. Ал шешілмеген шаруалар болса сол күйінде қалып жататын. Ондайға бөлендей мән берген емеспін. Сәтін күтетінмін. Сөйтіп жүріп жататын едік...

Еңсегей бойы көк тіреген қарасұр өңді Зекеңді ой үстінде жолықтырған адам, сөз жоқ, қабағынан қар жауған ызғарлы адам ретінде

қабылдайтыны анық. Сыншының бекзада болмысының жұмбағы да сонда шығар. Дегенмен, Майра төтемізге: «Ағамыздың мінезі қалай еді шынында? Сыншыл адам, кішкене, міншілдеу емес пе еді?» деп қалдық.

— Бұрыннан қатар жұмыс істеген бір құрбым бар еді, соның «Зейнолланың тірі кезінде сендерге келуге бата алмадым, — дегені бар. — Сондай үлкен жазушы, қалай барамын» деп... Шынында да, Зекең сыртынан қарағанда өте қатал адам

сияқты көрінетін еді ғой. Бойына, жүріс-тұрысына қараған кезде өте суық кісідей әсер ететіні рас. Әйткенмен, ол өте нәзік жанды адам еді. Достарымыз болсын, туыстарымыз немесе жас қыз-жігіттер болсын, үйге келе қалған кезде, жақын араласқандар жақсы біледі, баламен де шағамен, үлкен-кішінің бәрімен тез тіл тауып, шүйіркелесе кететін өте жайлы адам-тын...

Бұдан бірталай бұрын «Арыс» баспасы Зейнолла Серікқалиұлын еске алуға арналған «Шапағаттың парасат» кітабын шығарды. Онда ақ самайлы ағалары мен ізбасар інілері Зекең туралы жүрекжарды лебіздерін білдіріп, сыншының көпшілікке беймәлім бірқатар қырларын ашады. Мысалы, ақын Қадыр Мырза Әли: «Мен оны алғаш рет әдебиетші емес, домбырашы ретінде танығанмын. Танып қана қойғам жоқ, мойындағанмын. Ол кезде Зейнолла

өнерін тамашалағанымыз жақсы болды. Шын дарын екен. Бұрын басқашалау пікірде едім. Тек әлгі шығарманы орындағанында ырғақтың әне бір тұсын былайша алғанында, тіпті ғажап болатын еді» дегендей көзқарасын

айтатын. Кейде әлдебір отырыстарда, тойларда қолына домбыра алып, ән салатын-ды. Немесе әлдекімдерді сүйемелдеп, орта толтырады. Ондайда ерекше қанаттанып, шаттанып, жүзінен нұр төгіліп, жаркылдап кетеді. «Қанишкен» деген жерде *(Атырау облысына қарасты «Ганюшкин» ауылы)* мектепте оқығанда музыка сабағының аса жоғары деңгейде өткенін айтатын. Шағын елді мекенде балалардың міндетті түрде домбыра, скрипка, баян тартуды үйренуі қадағаланатын көрінеді. «Шіркін, сондай тәрбиені бүгінгі әрбір қазақ мектебінде қалыптастырса» деп армандап отыратын...

«Өнер егіз дариды, не сегіз дариды» деген сөз бекер айтылмайтындай. Алла тағала әуелде Зейнолла Серікқалиұлына да жазушылықтан өзге қасиеттерді үйіп-төгіп берген секілді. Мәселен, Зекеңнің үйінің төрінде ілулі тұрған автопортретті көрген жан суретші шеберлігіне тамсанбай қалмайды. Соған қарағанда, сыншы Зейнолла бастапқыда қылқалам күдіретін де мейлінше игерген. Сұңғат техникасын керемет менгерген.

— Жас шағында суретші болуды армандаған секілді. Армандап қана қоймай, осы бағытта жан аямай ізденіпті. Жергілікті мамандардан сабақ алыпты. Талмай еңбектеніп, ұзақ жаттығыпты.



Көбінесе портрет жанрымен көп айналысқаны байқалады. Бертінге дейін үйде осы бағыттағы кейбір жұмыстары жататын еді, біртіндеп олар да жоғалды. Ал адам неліктен музыка жазды, не себепті сурет салады дегенге келсек, ол ішкі дүниесіндегі бұлқыныстарды, көкейдегі мөлдіреген сырды әдебиет көмегімен ғана емес, өнердің өзге де салалары арқылы көрсетуге ұмтылатын сияқты. Міне,

*СӨЗСЫРҒА

«МЕНІ ПРОЗАҒА КІМ ӘКЕЛДІ»...

— **Студенттік кезде бірнеше өлеңімді Жазушылар одағына алып бардым.**

Ол кезде жас ақын-жазушыларға ақыл айтып, түзеп отыратын кеңесшілер болатын. Мен барған кезде Мұзафар Әлімбаев отырды. Өлеңдерімді көрсеттім. Мұзағаң бес-алтауына белгі қойды да: «Машинкаға басып алып кел, «Қазақ әдебиетіне» шығаруға тырысамын», — деді.

Оның алдында бір әңгімемді «Лениншіл жасқа» апарып бергенмін. Үшінші курста жүрген уақытым. Машинкаға бастыруға ақша жоқ, ол туралы ойлаған да жоқпын. Бір күні курстас досым, бұл күнде көрнекті жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлы «Сені Жазушылар одағында белгілі сыншы Зейнолла Серікқалиев шақырып жатыр» демесі бар ма.

Ештеңеге түсінбеген күйі келесі күні келдім. Зекең менің «Райхан» атты әңгімемді мақтап ала жөнелсін. Қайдан алғанын да білмеймін. Ақыры белгілі болды. Қазақстан жас жазушыларының «Таңғы шық» атты әңгімелер жинағы жарық көрмек екен. Соған менің әңгімем де еніпті. Әлі кім боларын білмей жүрген студентте не ес қалсын, қуанышымда шек жоқ. Содан кейін ойланып-ойланып, осы бір жанрға тоқтағаным дұрыс болар деген шешімге келіп, прозаны таңдадым.

университеттің домбыра оркестріне қатынасып жүретін. Неге екенін бір Құдайдың өзі біледі, бірте-бірте ол өзінің осы өнерінен қашықтай берді. Бірақ, обалы не керек, мен оны алғаш рет көрген кезде өте өнерлі күйші еді... Сірә, домбыраға деген махаббатты әдебиетке деген махаббат басып кеткен болу керек» деп жазыпты. Бұл да сыншы туралы қызықты дерек емес пе.

— Домбыраны қолға алған кезде өзгеше бір күйге түсіп, өңі сәл күренітіп, тебіреніп, толқып отыратындай еді. Саусақтары да өте серпінді, белгілі бір шығарманы күмбірлетіп тартуға кіріскенінді үй ішін де жан терберлік қоныр әуен кернеп, біртүрлі мұңды бояуға малышпандай әсер билейтін. Музықаға деген түсінігі терең еді. Мәселен, кезекті концерттен қайтып келе жатқан сәтімізде: «Мына әншінің



Майра он тоғыз жаста

Қаныш Сәтбаевтың тойларына жеті-сегіз адамнан құралған бір топ серігімен бірге жаяу барды. Әрине, бұл жерде, айталық, Алматыдан Қарауылға немесе Павлодарға дейін салпылдап, көліксіз барады деген ой тумасын; белгілі межеге екі жүз шақырым қалғанша пойызбен не ұшақпен, автомобильмен жетеді де, қалған сапарды жаяу жалғастырады. Иә, кәдімгіше күнге күйіп, желдің өтімен, тастақты-құмдақты, бетегелі-тырсалы беткейлердің бетімен жағалап жетеді. Жауын-шашынға да қарамайды. Әрине, мұнысы ұлы тұлғаларға деген зор құрметті білдірмекші. Бірақ мен айтатынымын: «Мұның не, осы әдетті қойсаншы, енді жас емессін. Шаршайсың ғой» деп. Жок, қоймады. Токтаған жерлерінде тоқтайды, әлібетте. Белгілі жолдастары қарсы алады. Сол жерде әңгіме-дүкендерін құрып, әндерін айтып, желпініп-серпіліп, қара көбейтіп, жолды әрі қарай жалғастырады...

Зекеңнің осындай соңғы сапары Атырауда өткен Махамбет тойына арналыпты. Бұл — тұтқиылдан жабысқан қатерлі кесел мендей бастаған кез болса керек. Дегенмен, Зекең алған бетінен қайтпайды.

— Сонда ана жақтағы жігіттер де болмай, ұшақпен

ме екен; мүмкін мені ренжіткісі де келмеген шығар...

Биік бітімді Зекең, әлбетте, шағын отбасының ғана ұйытқысы емес, ел қамын жеген ірі халықтық тұлға еді. Оның кез келген еңбегін алып қарсаныз, бөрінің де Қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелеріне арналғанын көресіз. Бөрінің де күретамыр арқауы — өнер жолындағы имандылық, ізгілік қағидаттарын саралау, жанаша көркемдік таным деректерін безбендеу екен. «Інжу құнын іздеген біледі» дегендей, теориялық даярлығы ересен, сарабал сыншы ел әдебиеті мен өнерін әлемдік жақұттармен ұтқыр салғастыра отырып, туған халқын қай жағынан да шырқау биіктен көруді көксейді. Әмбе бұл бағытта Бауыржан Момышұлы ағасының «Сын айту үшін шын айт. Шын айтпай, сын айтпа!» деген ұлағатын крепо ретінде ұстанады. Яғни кастерлі ұлттық мүддеге биік парасат, кіршіксіз ар жолымен жетуді діттейді. Сөйтіп, бүкіл өмірін оқырманының эстетикалық мәдениетін көтеріп, көпшіліктің әдеби талғамын тәрбиелеу жолына арнап, аянбай тер төгіпті. Ал қозғаған тақырыптарын жалпыадамзаттық мәдени құндылық-қазыналармен деңгейлестіре саралайтын автор көзқарасы ұдайы оқшау ой, тосын мәнер, айрықша зерде-талғамымен баурайтынын байқайсыз...

Енді пайымдасасқ, ешбір атақ-мансапқа қызықпай, әділет жолымен,



кішіпейілдікпен алпыс алты жылдай қарапайым ғұмыр кешкен Зейнолла ағамыздың жан-жүрегін алаңдатқан бір жәйт — Қазақ еліндей жас мемлекеттің таңдыры екен.

Бірде газет тілшісі оған: «Жеке өзіңіз Қазақстан тәуелсіздігінің нығайып, орныға түсуіне қандай үлес қостыңыз? Әлде сырттай бақылаушы ретінде жүрсіз бе?» деп сұрақ қойыпты. Сонда аздап шамданыңқыраған Зекең: «Сырттай бақылаушы — қашан да, бұл жалғанда ең бақытсыз сорлы. Құдай сақтасын одан... Өткен он жылдың анағұрлым басым бөлігінде, мемлекеттік қызмет бабында —

Қазақстан Республикасы Конституциясынан бастап, жана заманның бағдарламалық қыруар зан құжаттарын қазақша сөйлету жұмыстарына қатысыппын. Үш-төрт әдеби сын-зерттеу кітабымды жарыққа шығарып, кезінде жолы болыңқырамай қалған ондаған комақты қолжазба, қадірменді қаламгерлер еңбегін жинастыру, қалпына келтіру, жұртшылыққа жеткізу бағытында да азды-көпті бірденелер атқарған сияқтымын. Оның төрешісі, әрине, мен емес. Тәуелсіздікті орнықтыруға, нығайтуға қаншалықты себі тиіп жатқанын да түстеп айта алмаймын. Ал осының бәрі, әйтеуір, Тәуелсіздіктің бізге сыйлаған ырыздық-несібесі екендігінде сөз жоқ. Біз, асылы, адамзаттың ғасырлық перзенттерінің бірі *(Теме)* жазғандай: «Егер бүкіл ел үшін жауын *(нұр)* жаудыра алмайды екенбіз — ең болмағанда, өз бағымызды жөндеп суарайық та» дейтін ұлағат-өсиетті Темірқазық тұтқандар санатынан шығармыз. «Аяз — әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!» дейді халық даналығы. Тек сол құмырсқа мінез тағы бір қасиетімізге жараса ғой... «Бөрінің артынан бөлірік ақылды болғандықтан ермейді» деп те қайрай түседі ұлы Мұхтар Әуезов. Көк байрағын төбеден желбіреп, мәңгілікке дәйім мезеп тұрса, түптің-түбінде ақылды болмаудан бәрібір ұялатын шығармыз» — деп ағынан жарылыпты.

Зейнолланың қазақ халқының адал ұлы екені оның осы бір сөзінен-ақ көрінбей ме...

Зекең үйіндегі Майра Сатыбалдина апайымыз — әуесқой сазгер. Соңғы шығармаларының бірі Сырбай Мәуленов қазасына арналыпты. «Сыраға» аталатын толғаудың сөзін Қуандық Шанғытбаев жазған. Мұнда:

— *Мол едің ғой пейілінді халқыңның, Қоңілңде сызы жоқ-ты салқының. Жолыққанда жымиыр ең жып-жылы, Жүрегінің жібін тауып әркімнің.*

Жымияды сендей маған енді кім? Тарытым-ақ кеттіңі дүние кеңдігін. Әзіліңсіз, жана жазған жырыңсыз Жүрем дағы жетім болып кемдікүн, — деген жолдар бар...

Қазір қарап отырса, жолдасының тірі кезінде туған осы туындысын көп ұзамай көз жұмған жұбайына арнаған аза ретінде жазған екен ғой.

Жүректегі мұң әлі сөйлемпті.

Құлтөлеу МҰҚАШ

Мәселе

Таяуда «Нұр Отан» партиясының Ақмола облысындағы филиалында ұстаздардың білімі туралы мәселе қараған болатын. Отырыс барысында

өткен жылы облыстық білім саласындағы бақылау департаментінің деректері жарияланған. 114 орта мектеп пен 25 балалар бақшасына тексеріс жүргізіліпті. Сөйтсе, 70 мектеп пен 16 балалар бақшасындағы тәлім-тәрбиесі жалпы білім беретін мемлекеттік стандарттарға сай еместігі белгілі болған. Облыстық «Нұр Отан» партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Бекмағанбетов осындай олқылықтың салдарынан білім беру сапасы сын көтермейтіндігін қадап айтты. Мәселен, ҰБТ-ның нәтижесі бойынша біздің облыс 2014 жылы республика бойынша 14-орында болса, 2015 жылы 15-орынға шегінген. Өткен жылы 12-орынға табан іліктіріпті.

Жасыратыны жоқ, шалғай ауылдағы шағын мектептерде көптеген пәнге мән беріле бермейді. Еңбек, дене шынықтыру тәрізді пәндерден мектептегі сағаты аз мұғалімге бере берелі. Музыка пәні де осы қатарда.

«Жаста берген тәрбие жас кайыңмен игенмен бірдей» дейді халық даналығы. Шынында да, саздауыт жерге біткен балапан кайың жерден нәр алса ғана бой салып өспей ме? Адам да солай. Желкілеп өсіп келе жатқан бүлдіршіннің бойындағы адамгершілік, инабаттылық қасиеттері музыканың арқасында дамымақ. Ал біздің мектептерде осы бір пән қалай оқытылып жүр десек, әрине, олқылықтың ойсырап тұрғандығы бірден байқалар еді. Нақты және гуманитарлық ғылым саласы егжей-тегжейлі таразыланғанымен, музыка пәні үнемі ескерусіз қалады. Оның ең басты бір себебі — бұрынғы ән-күй, қазіргі музыка пәнінің жас толқын ықыласын аударатындай сапалы өтпеуі, пәнге деген сала басшыларының да, ұстаздың да салғырт қарауынан туындап жатса керек. Заманында В.Сухомлинский «Музыка тыңдатпайынша, тәрбие беру — менің басыма қонбайтын нәрсе» деген екен.

Осы арада жергілікті жерден нақты бір мысал келтіре кетелік. Айталық, Зеренді аудандық білім беру бөліміне қарасты 70 мектепте музыка пәні бойынша арнайы білімі бар 24 ғана мұғалім сабақ береді екен. Ал осы 70 мектептің тек біреуінде ғана Мәлік Ғабдуллин атындағы қазақ орта мектебінде пән кабинеті бар. Қалған 69-ы мұндай қамқорлықтан қағыс қалған. Осыдан-ақ музыка пәнінің қаншалықты деңгейде оқытылып жатқандығын аңғаруға болады.

— Музыка пәні мектепте 1–6-сыныптар аралығында оқытылады. Негізгі, балаға музыка тыңдауды үйрету өте қажет. Жас ұрпақ ұлттық

Зеренді аудандық білім беру бөліміне қарасты 70 мектепте музыка пәні бойынша арнайы білімі бар 24 ғана мұғалім сабақ береді екен. Ал осы 70 мектептің тек біреуінде ғана Мәлік Ғабдуллин атындағы қазақ орта мектебінде пән кабинеті бар. Қалған 69-ы мұндай қамқорлықтан қағыс қалған.

музыканың тұма бұлақтың суындай мөлдір, жан жүрегінді шымырлатып, тал бойынды тамаша әуенмен толқытатын күдіретін құлағына күйіп өскен жөн, — дейді Мәлік Ғабдуллин атындағы Зеренді қазақ орта мектебінің музыка пәнінің мұғалімі Нұркелді Биғарин, — біз жас ұрпақтың бойындағы отансүйгіштік, елжандылық туралы жиі айтамыз. Осы сезімдердің сіңірілу жолын іздейміз. Меніңше, бала жанындағы бар асыл қасиеттің бастауы осында жатқан тәрізді.


Біздіңше мектеп мұғалімінің бұл пікірі өте орынды. Әйтсе де, тұтас облыстағы білім ошағының жайы біркелкі емес. Бұл туралы белгілі қобызшы, Ақан сері атындағы Көкшетау мәдениет колледжінің оқытушысы Нұргүл Нұрмышева былай дейді:

— Бірнеше жылғы тәжірибені қорыта айтатын болсам, білім ошақтарындағы музыка пәнінің оқыту деңгейі мүлде сын көтермейді. Бұл бүгін ғана орын алып отырған жай емес, кешегі кеңес заманында да солай еді. Бірақ байыптап қарасак, бір жолға қоятын уақыт жеткен тәрізді. Ендігі бір мәселе — білім ошақтарында қай баспадан шыққан оқулықпен, қандай бағдарламамен оқытылады. Бұған да көңіл аудару қажет. Колледж оқушыларының ата-анасымен де тіпкірлесеміз. Сол сәтте мектеп оқушыларының жүктемесі шамадан тыс көп екендігі аңғарылады. Әлі қара тани қоймаған қарағым толып жатқан тапсырмамен қатар, музыка пәнін де алып кете ала ма? Екінші сыныптың бағдарламасында жануарлардың жылға талдасуына арналған опера, 4-сыныпта симфониялық тақырыптар оқытылады. Әрине, музыка пәнінің мұғалімдері бағдарламада бекітілген. Негізгі талап қойылған тақырыптарды игеруге тырысатын шығар. Бірақ менің бір түсінбейтінім, бастауыш сыныптың оқушысы симфония мен операны қалай ұқпақ? Тіпті көп

жерлерде оқушыларға тыңдататын дискісі мен кассетасы да жоқ. Пән кабинеттері де жабдықталмаған. Оны айтасыз аспаптары да аз, сағаты да мардымсыз. Аптасына бар болғаны бір сағат.

Ұстаз пікірін де теріске шығара алмас едініз. Музыка пәніне апталық жүктемеде бір-ақ сағат бөлінсе, дене шынықтыру пәніне үш сағат бөлінген. Мектептерде мынандай да тәжірибе бар. Спортқа бейімділер мен денсаулығына орай жарамсыз анықтамасын алған оқушылар екіге бөлініп оқытылады. Егер әр баланың музыкаға икемділігін, қабілеті мен дарынын ескере отырып, осындай жүйе қолданса, қалай болар еді.

— Біз кешегі кеңес заманында білім алдық. Сол кезде мектепте ән-күй сабағының бағдарламасын дайындаған белгілі композитор, КСРО халық әртісі Дмитрий Ковалевский мынандай пікір айтқан екен, — дейді оқытушы Нұргүл Нұрмышева, — «Барлық жағымсыз қылықтар, іс-әрекеттер мектептегі химия, география немесе математика пәндерін үстіртін, жаман оқытқан олқылықтардың нәтижесінен емес, ол адам баласының жан-дүниесін, сезімін, санасын тәрбиелемегендіктен. Меніңше, осы пікірдің жаны бар. Музыка өнерінің қоғам өміріндегі орны ерекше екендігі жалпыға мәлім. Ол ақыл мен сезім үндестігі — біздің жан-дүниеміздің сарқылмас рухани байлығы. Негізінен, музыкамен айналысқан, нота оқыған адамның ойлау қабілеті жүйрік. Нота оқу арқылы миды жаттықтыруға болады. Ал жақсы әуен адам жанын нұрға бөлейді десек те артық емес. Ақан сері атындағы мәдениет колледжінің арнайы аспап, дирижерлау сияқты музыкалық пәндерінің оқытушысы ретінде білім ошақтарында аса пайдалы, қажетті сабақтың оқытылуына жеткілікті мән берілмейтіндігі бізді де қынжылтады.



Мектептердегі материалдық-техникалық база ойдағыдай болмағанымен, өз бетінше тырмысып, жетістікке жетіп жүргендерді де айтуға болар еді. Мәселен, Зеренді ауданындағы Шағалалы ауылының орта мектебінің табысын өзге әріптестеріне үлгі қылуға болар. Арнайы жабдықталған кабинеттері болмаса да ауыз толтырып айтуға тұрарлық дүние бар. Ұлағатты ұстаз Гүлнафис Қажықалиеваның шәкірті Назерке Нұрболат жастар арасында өткізілген дельфиылқ ұлттық ойындар конкурсының бас жүлдесін жеңіп алып, алтын медальға ие болды. Ал тағы бір танымал мұғалім Қайрат Зәкіиді Шынғыс Төлеген есімді оқушысы облыстық «Абай оқулары», «Туған жер» байқауларының жеңімпазы. Мұндай мысал некен-саяқ қана. Өйткені, толыққанды білім беру үшін пәнге қатысты аспап та, көрнекі құрал да, қосымша әдістемелік материалдар да, пән кабинеті де болуы шарт.

— Менің ойымша, — дейді Көкшетау қаласындағы Біржан сал атындағы балалар музыка мектебінің оқытушысы Шынболат Өтеулі, — мектептегі музыка пәніне бөлінген сағат тым аз. Қазіргі музыка оқулықтары XIX ғасырдағы тұлғаларды қамтыған. Тұтас қазақтың фольклоры. Қаншама күйші, композитор, жырыш-жырау, ақындар, оған қоса, қазіргі заман композиторлары толайым, тұтас. Айналырған бір сағаттың ішінде оқушы жанағы тұлғалардың бүкіл өмірі мен шығармашылығын оқып үйірене ме, әлде шығармашылығын орындай ма? Сондықтан, аз ғана мүмкіндікті пайдаланып, алдымен,

— Негізгі тәрбие мектепке дейінгі мекемелерде қалыптасады, — дейді Ақан сері атындағы колледждің оқытушысы Нұргүл Нұрмышева. Онда да әркімнің өзінің бойына, жасына сай оқытылса он. Бірде облыс орталығындағы балалар бақшасындағы ертенгілікке қатыстым. Бес жасар қыз бала махаббат туралы ән айтып тұр. Әннің сөзін естіп тұрып, ұяттан өртеніп кете жаздайсың. Қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, бесіктен белі шықпаған баланың «саған ғашықпын, күйдім, жандым, сенсіз өмір жоқ» деп ән салуы жөн бе?! Бес жасар бүлдіршінге қайдағы махаббат. Әр жыл сайын әскери әндер конкурсы өтеді. Орталық алаңда бір топ солдаттар ән салып барады. Ән болғанда да «Есік алды қоғалайды». Осы да ән бе? Ел қорғаны жауынгерлердің рухы биік, отансүйгіштік, патриоттық қайрат-жігерге толы әнді айтқандары жөн емес пе. Бұнын барлығы біздің талғамсыздығымыздан орын алып отыр.

Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы жағдай да егіз қозыдай ұқсас. Бұл ауданда елу мектеп бар. 31-і орта, 9-ы бастауыш. Қалғаны негізгі мектеп. Осыншама білім ошағының ішінде аудан орталығындағы №2 мектепте қана музыка пәнінің кабинеті бар. Ауданда бұл пәннен сабақ беріп жүрген мұғалімнің тең жартысының білімі жоқ. Тек №1 орта мектепте Александра Асиеваны ғана өз ісінің жетік маманы деп атай алады. Күні кеше Ақан сері мен Үкілі Ыбырай ән шырқаған өлкенің бүгінгі ұрпағы музыкадан мақұрым қалып жатыр.

Байкал БАЙӘДІЛОВ, Ақмола облысы

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ЖАҚА

САҢЛАҚ

ӘЛЖАН ЖАРМҰХАМЕДОВ – қазақтан шыққан алғашқы Олимпиада чемпионы (1972), Олимпиаданың қола жүлдегері (1976), әлем чемпионатының күміс, қола жүлдегері, Кеңес одағының 10 дүркін, Еуропаның 3 мәрте чемпионы! КСРО халықтары спартакиадасының бірнеше дүркін жеңімпазы!

АПТАСЫНА БІР РОМАН ОҚИТЫН ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ

Әлжан Мүсірбекұлын 1989 жылы тамыз айында Ташкентке арнайы іздеп бардым. Аумағы атшаптырым автовокзалдағы қарақұрым халықтың ішінен қарағайдай казак көзіме оттай басылды. Өлденені беріле оқып тұр. Жакындағанда аңғардым, қолындағысы «Роман-газета» екен. Кешегі жарау аттай баскетболшының сайайын кырау шалыпты. Көзілдірік киген сабырлы, жұқалтан өңі қағаз сорған, қымбатын қалам ұшымен қуған ғалымға көбірек келеді.

- Ассалаумағалейкум, Әлжан аға!
- Уағалейкумассалам, автобус уақытынан ертелеу келді-ау. Мына бетті оқып бітіре сала жолаушылар түсетін жерге барсам деп тұр едім.
- Кітапқа қатты құмар тәріздісіз?
- Мына көзілдірік — соның сыйы. Қол қалт етсе, қадала қаламын.
- Аға, ә дегеннен сұрақтың астына алды деп сөкпеңіз. Аптасына қанша кітап оқисыз?
- Бір романды тауысу — қалыптасқан жағдай. Кейде екі роман оқимын. Аялдама, метро дейсіз бе, орын талғмаймын. Ыңғайлы жер болса, оқитын дүние табылады.

...Әлжан ең әуелі білімге, ізденіске жүгінген саңлақ екен. Спортшылар сапарға жиі шығады. Мұндай жағдайда ата-анаңа, отбасыңа, туысқандар мен достарыңа базарлық алғың келетіні белгілі. Жармұхамедов барған жерінен кітап іздейді екен. Жер түбінен сөмкесін сықай толтырып кітап тасыған бойы 207 см қазақты елестетіп көріңіз. Үйіндегі 15 кітап сөресін Жармұхамедов өз қолымен жасап алыпты. Сол сапарда даңқты баскетболшының жаттығу жиындарына балғасы мен қашауын апарып, ағаштан түрлі бұйымдар жасайтынынан да хабардар болдым.

ЖАРМҰХАМЕДОВТЫҢ КЕЗІНДЕ ЖЕР ШАРЫ МОЙЫНДАҒАН КСРО ҚҰРАМАСЫНДАҒЫ ЕҢ БЕЛДІ ОЙЫНШЫНЫҢ БІРІ БОЛҒАНЫ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҮШІН ЗОР МӘРТЕБЕ»

Сол сапардан «Лениншіл жас» газетінің екі нөміріне «Баскетболдың бәйтерегі» атты жолжазбам шықты. Ізденіс мұныммен тоқтаған жоқ. Әлжанның өкесі Мүсірбек марқұмды көзімен көрген Мұхамедрақым Жармұхамедов ағамен жолығып, әйгілі баскетболшы туралы біраз мағлұмат алдым.

Одан қазіргі Ұлттық кітапханаға барып, XX ғасырдың жетпісінші жылдарындағы газеттерді парактауға кірістім.

Мюнхен олимпиадасындағы КСРО мен Югославия құрамаларының тартысы туралы «Советский спорт» газетіндегі (05.09.1972 ж.) мына үзінді сол бір күндердің жемісі: «Молодому Дворному поручена опека лидера югославской команды многоопытного Чосича (АКШ-та кәсіпқой лигада ойнаған атақты баскетболшы. Олимпиада жеңімпазы, әлемнің екі дүркін чемпионы, Югославияның ұлттық мақтанышы). Наш дебютант явно волнуется, не успевает за своим подопечным, и уже на третьей минуте у Дворного три персональных замечания. На площадке появляется Жармухамедов. Теперь Чосичу приходится куда труднее. Хотя Алжан уступает сопернику в росте, он превосходит его в прыгучести и подвижности. Чосич раз за разом проигрывает ему единоборство. И... тренер югославской команды решает заменить лидера сборной. (Әлжан Югославия серкесінің сағын сындырған соң бұл команданың ойыны әлсірей бастады) Так в микроматче Жармухамедов — Чосич победа осталась на стороне нашего баскетболиста.

Но с уходом Чосича Жармухамедов не остается «без работы». Тренер сборной СССР В. Кондрашин производит перегруппировку сил: под контроль Жармухамедова поступает разыгравшийся Князевич, против которого не совсем удачно действовал Коваленко. Жармухамедов и тут отменно справляется с заданием».

Осы басекеле КСРО баскетболшылары 1970 жылғы әлем чемпионы Югославия құрамасын 74:67 есебімен ұтты. Жармұхамедов командаға 8 ұпай өтеріп қана қоймай, қарсыластың арқасүйер екі ойыншысын тұсап ұстап, соның нәтижесінде Югославияның ойын жүйесі бұзылды.

Осы Олимпиаданың жартылай финалында кеңес құрамасы Кубаны 67-61 есебімен жеңді. Бұл ойында Әлжан команда қорына 15 ұпай қосты.

Финалда КСРО құрамасы кілең кәсіпқойлардан жасакталған АКШ баскетболшыларын 51:50 есебімен зорға ұтты. Бұл АКШ кәсіпқойларының Олимпиада ойындарындағы бірінші жеңілісі еді. Осы Олимпиада ойындарында Әлжан Жармұхамедов кәсіпқой баскетболдың майталман мамандарының назарына ілікті. АКШ бапкерлері Әлжанды НБА-ға, 1 миллион доллар келісіммен шақырды. Жармұхамедов бұл шақырудан бас тартты.

Біз Әлжанның Мюнхен олимпиадасындағы тарихи сәттерінен ғана аздаған үзінді келтірдік. Ал Жармұхамедовтың кезінде жер шары мойындаған КСРО құрамасындағы ең белді ойыншының бірі болғаны — казак халқы үшін зор мәртебе.

Әлжан Мүсірбекұлы 1967 жылдан бері Мәскеуде тұрады. Елге оралғысы келеді. Бірақ қол қысқа.

Қыдырбек РЫСБЕК



ТАНИМ



(Жалғасы.
Басы өткен сандарда)

Жетінші тарау

Шешендік өнерін үйреніп, жоғары мәртебелі болу туралы

Ей, перзентім, жалған және босқа кететін жел сөзді айпағайсың. Өйткені жел сөз — кайырыштардың сөзі. Егер біреуге сөйлемекші болсаң, ол сенің сөзіңді тыңдағысы келе ме, әлде тыңдағысы келмей ме, алдын ала байқағаның жөн. Егер тыңдаушың сенің сөзіңе қарыздар болса, сөзіңді сатуына болады. Шу дегеннен тыңдаушы сөзіңді жақтырмаса, ол сөзіңді қысқартып, басқа бір естіушілерге жағымды сөзден сөйлегін, қысқасы, тыңдаушылар сөйлеген сөзіне ыстық қылас бiлдiрсiн. Өзiндi көпшiлiк iшiнде дұрыс ұстай бiл. Адамның адамдық қасиетiне орай жұмыс iсте. Орынсыз ұйқыдан сақтанып, халықпен қалай қатынас жасауды жоғарыда баяндадым. Ей, перзентiм, сөз тыңдаудан жалықпа. Адам сөзді тыңдай білген жағдайда ғана шешен бола алады. Бұған дәлел ретінде жана туған нәрестені көпшіліктен аулақ жайда онаша жерде сақтап, бірде-бір жанмен сөйлестірмей, сүт тағам беріп тәрбиелесе, оған ата мен анасы да сөйлемесе. Сөз есітпей өскен бала есейгенінде мылқау болады. Уақытты ұтымды пайдаланып, сөзді көп тыңдап, сөйлеу өнеріне жаттыққан жан шешен болады. Екінші мысал: кімде-кім анадан санырау болып туылса, ол сөзсіз мылқау болады. Сондықтан даналардың сөзіне құлақ сал. Данышпандар айтыпты: «Даналардың ақыл-насихаты көңілдің көзін ашып, жан дүниені раушан етеді. Өйткені ақыл, насихат данышпандық көзінің ағы мен



Маһмун пехлевий тілін жетік білетіндерді шақыртып алдырады. Олар жазылған хатты оқып, араб тіліне тәржіма етеді. Бұл тәржіма азам халқы арасына кең тарап кетеді. Ол жазылған таста мына бір сөзді айтыпты. «Тірі уақытымда, патшалық құрып тұрғанымда, құдайдың жаратқан пенделерінің бәрі бағынышты болып, әрқайсысы тек менің жарлығыма сай қызмет істеп, тек менің билігіме сай үлесін алатын еді. Мүсәпірлік уақыты жетті. Енді бұдан басқа лаж таппағандықтан, олсы сөздерді құлпытастың бетіне алтынмен ойып жаздым. Егер кімде-кім мені зиярат етіп келсе, осы жазылған сөздерді оқысын, білсін және бұл сөздерді пайдалансын. Менің бұл өсиетім зиярат ете келген кісінің қаламына сыйлаған сыйым болады» депті.

Көшпенділердің адамзат өркениетіне қосқан үлесінің қатарынан ойып орын алатын тағамдардың бірі — құрт. Қазір оның нағыз тұтылатын маусымы жүріп тұрғандығынан болар, тамақ туралы сөз бола қалса, жұрт үйде де, түзде де құрттың әңгімесін айтатын болыпты.



Құрт жасау қалып барады

Өткенде бір кішігірім той-томалақта қалалық әріптес жігіт былай деді: «Ауылдағы бір женгем «сендер айлықты уақтылы алып тұрасындар ғой, 1-2 қап құртым бар, соны қасындағы бірге жұмыс істейтін адамдарға айтып, сатуыма қол ұшын бер, қызметіңді құр қол қоймаспын» деп сұранды. Өзім де астыртын саудагершілікпен айналысып, әжептеуір ақша тауып жүрген әріптестеріме қызығып жүретіндіктен, қолым жүріп кетсе кедергі емес деген оймен бұл ұсынысқа қуана келістім. Алғашында бәрі жақсы болды, ауылдың құрты деп теберік көрген жұрт жапа-тармағай ала бастаған, кейін шатақ шықты. Мәрияш деген келіншек бәле салды. «Өмірі орысша оқып, орыс тілінен сабақ берсе де «көнжамбас» деген қазақы сөзді біліп алыпты, «құрттан көнжамбас қорванның иісі шығады, жеу невожно» деп тықылдап қоймайды ғой. Бұрышқа тақап қысып болмай бара



Сәкен ТҮСПБЕК
serke.org

БӨРЕКЕАДЫ



Әнші Димаш
Құдайберген Қытайда
атақты актер Жеки
Чанмен кездесіп,

қазақтың шапанын жауып, домбыра сыйлады. Бұл туралы әнші Instagram желісінде хабарлады.

Аспан асты елін өнерімен тамсандырған әншінің әлеуметтік парақшасында «Бүгін менің өмірімде тарихи есте қалатын ерекше күн! Атақты актер Жеки Чан мырза мені теледидардан көріп, кездесуге шақырды. Кездесуде актер маған өзінің эксклюзивті күртешесін және арнайы фирмалық ән тыңдау құралын сыйға тартты. Ал мен актерге қазақтың шапанын жауып, домбыраны сыйға тарттым. Домбырамен бір күй шертіп беруімді өтінген Жеки Чанға Нұрғисаның

Жекиге шапан жарасады



«Әлқисасынан» шашу шаштым!», — деп жазды. Актер өз кезегінде соңғы Kung Fu Yoga кинокартинасындағы би кимылдарын үйреткен. Бала кезінен бері келе жатқан сүйікті актері оған өз ақыл-кеңесін беріп, шығармашылығын бақылайтынын жеткізген. Димаш Құдайберген әлеуметтік парақшадағы өз ойын «Армандар орындалады!..» — деп түйіндеген. Димаш Қытайдағы «Мен әншімін» жобасының екі кезеңінде үздік шықты. Одан кейін алғашқы үштіктен көрінді. Бүгінде қазақ баласының өнеріне тек Қытай емес, әлем тәтті бола бастады. Осы аптада француздың әйгілі әншісі Лара Фабиан отандасымыздың өнеріне өз бағасын беріп, оны кездесуге шақырғанын белгілі болды.

ӨНЕТЕ



Жұмысына жауапты жолсерік түссе, онда жолыңыздың болғаны. Alaska Airlines әуе компаниясының жолсерігі ұшақ дәретханасында қалдырған



жазба арқасында қызды адам саудасының құрбаны болудан құтқарып қалған.

Би-Би-Си хабарлағандай, Шелиа Федрик ұшақта жақсы киінген ер адамның жанынан ұйпа-тұйпасы шыққан қызды көргенде бірден алаңдаған. Ал ер адам оның қызбен сөйлесуіне рұқсат бермеппі. Содан Федрик дәретханаға жазба қалдырып, қызға сол жерге қасындағы адамға сездіртпей баруға белгі береді. Қыз жазбаға оған көмек жауап ретінде керектігін жазған. Жасөспірім адам саудасының құрбаны болып шықты. Жолсерік пилотка бірден хабар береді. Ол өз кезегінде полицияға ескерткен.

2011 жылғы орын алған оқиға БАҚ-қа осы аптада жарияланды. Қазір құрбандықтан құтқарылған қыз колледжде білім алуда. Шелиа Федрикпен жиі хабарласып тұрады екен.

Құлдықтан құтқарды

• Билеттер Республика Сарайы кассаларында •

Есім менің
МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ • ЖЫРАУ
Бекболат Тілеухан
РЕСПУБЛИКА САРАЙЫ

2017 ЖЫЛ
12
АҚПАН
17:00
САҒАТ



Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары
Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Елдос ТОҚТАРБАЙ — Астана қаласындағы меншікті тілші
Жарас КЕМЕЛЖАН — қоғам және әлеумет
Мадияр АРЫСТАНБАЕВ — арнаулы тілші
Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият
Рүслан ДОСТАЕВ — web-редактор
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші
Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)
Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)
Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)
Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)
Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no
Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2104;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 52 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралының есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сонымен қатар «Air Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуежолдарының ұшақтарында бар.